

Жарылғасынқызы Альбина

Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының
Кәсіби оқыту институты Прокурорлық қадағалау кафедрасының аға
оқытушысы

НЕКЕГЕ ТҰРУҒА МӘЖБҮРЛЕУ ҚЫЛМЫСЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада некеге тұруға мәжбүрлеу институтының қылмыстық-құқықтық табиғаты, оның енгізілуінің әлеуметтік-құқықтық алғышарттары, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесі мен халықаралық тәжірибенің ерекшеліктері талданады. Зерттеу барысында сот практикасының материалдары, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер және ғылыми дереккөздер негізге алынды. Сонымен қатар, аталған қылмыстық құқық бұзушылықты саралау барысында туындайтын проблемалық мәселелер айқындалып, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар тұжырымдалды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы нақты сот істерін кешенді талдау негізінде құқық қолдану практикасының қазіргі жай-күйін бағалаудан, сондай-ақ некеге тұруға мәжбүрлеу институтын салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу арқылы оның құқықтық реттелуін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындаудан көрініс табады.

Түйінді сөздер. Некеге тұруға мәжбүрлеу; қыз алып қашу; қылмыстық-құқықтық саралау; сот практикасы; құқық қолдану тәжірибесі; жеке бостандық; жәбірленушінің құқықтары; қылмыстық жауаптылық, мәжбүрлеу; халықаралық тәжірибе; салыстырмалы-құқықтық талдау.

Аннотация. В данной статье анализируются уголовно-правовая характеристика института принуждения к вступлению в брак, социально-правовые предпосылки его введения, а также особенности правоприменительной и международной практики. В ходе исследования использованы материалы судебной практики, действующие нормативные правовые акты и научные источники. Кроме того, выявлены проблемные вопросы, возникающие при квалификации данного уголовного правонарушения, и сформулированы предложения, направленные на их решение.

Научная новизна статьи заключается в оценке современного состояния правоприменительной практики на основе комплексного анализа конкретных судебных дел, а также в определении направлений совершенствования правового регулирования института принуждения к вступлению в брак на основе сравнительно-правового анализа.

Ключевые слова. Принуждение к вступлению в брак; похищение невесты; уголовно-правовая квалификация; судебная практика; правоприменительная практика; личная свобода; права потерпевшего; уголовная ответственность; принуждение; международный опыт; сравнительно-правовой анализ.

Abstract. This article analyzes the criminal law characteristics of the institution of forced marriage, the socio-legal prerequisites for its introduction, as well as the features of law enforcement and international practice. The study is based on materials of judicial practice, current regulatory legal acts, and academic sources. In addition, problematic issues arising in the qualification of this criminal offense are identified, and proposals aimed at resolving them are formulated.

The scientific novelty of the article lies in assessing the current state of law enforcement practice based on a comprehensive analysis of specific court cases, as well as in identifying directions for improving the legal regulation of the institution of forced marriage on the basis of a comparative legal approach.

Keywords. Forced marriage; bride kidnapping; criminal law qualification; judicial practice; law enforcement practice; personal freedom; victim rights; criminal liability; coercion; international experience; comparative legal analysis.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда жеке тұлғаның еркін неке қию құқығын қорғау ерекше маңызға ие.

Қоғамда әлі де кездесетін некеге мәжбүрлеу фактілері, оның ішінде «қыз алып қашу» сияқты әрекеттер, тұлғаның еркін ерік білдіру қағидатын бұзатын әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде бағаланады. Осыған байланысты мұндай әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беру қажеттілігі туындады.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылады. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Конституциясында тікелей бекітілген, яғни мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады [1]. Сонымен қатар, әркімнің жеке бас бостандығына құқығы бар екендігі белгіленген. Бұл норма адамның еркін жүріп-тұруын ғана емес, оның жеке өміріне қатысты маңызды шешімдерді, соның ішінде неке құру мәселесін дербес қабылдау құқығын да қамтиды.

Осы тұрғыдан алғанда, некеге тұру еркіндігі адамның негізгі конституциялық құқықтарының бірі ретінде қарастырылады. Тұлғаның еркін ерік білдіруіне қарсы бағытталған кез келген әрекет, оның ішінде некеге мәжбүрлеу, конституциялық құқықтарды тікелей бұзу болып табылады.

Қазіргі қоғамда мұндай құқық бұзушылықтардың жекелеген көріністерінің сақталуы аталған мәселенің өзектілігін айқындайды және оны қылмыстық-құқықтық тұрғыдан реттеудің қажеттілігін негіздейді.

Қазақстан Республикасының неке және отбасы саласындағы құқықтық қатынастары арнайы заңнамамен реттеледі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде неке құрудың негізгі қағидаттары бекітілген.

Кодекске сәйкес, неке ерікті түрде, ер мен әйелдің өзара келісімі негізінде ғана жасалуы тиіс. Яғни, неке қиюдың басты шарты – тараптардың еркін және толық келісімі болып табылады.

Сонымен қатар, аталған кодексте некеге тұруға мәжбүрлеуге жол берілмейтіні тікелей көзделген. Бұл норма адамның жеке бас бостандығы мен еркін таңдау құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, некеге тұруға мәжбүрлеу әрекеттері тек қана қылмыстық заңнаманы бұзып қана қоймай, сонымен қатар отбасы-құқықтық қатынастардың негізгі қағидаттарына да қайшы келеді.

Демек, некеге тұру еркіндігін қамтамасыз ету мәселесі тек қылмыстық құқықтық шеңберінде ғана емес, сонымен қатар отбасы құқығының негізгі қағидаттарымен тығыз байланысты кешенді құқықтық мәселе болып табылады.

Мақаланың мақсаты – некеге тұруға мәжбүрлеу институтын қылмыстық-құқықтық тұрғыдан талдау, сот тәжірибесін зерделеу және құқық қолдану барысында туындайтын проблемаларды айқындау.

Некеге тұруға мәжбүрлеудің құқықтық және әлеуметтік өзектілігі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатыгездікке ешқашан жол беруге болмайды» - деп атап өтті [2]. Яғни, қыз алып қашу институты дәстүрлік сипаттағы құбылыс емес, керісінше қылмыстық-құқықтық тұрғыдан адам ұрлау ретінде сараланатын, қоғамның құқықтық мәдениетіне қайшы келетін әрекет болып табылады.

Некеге тұру еркіндігі адамның негізгі жеке құқықтарының бірі ретінде танылады. Алайда жекелеген әлеуметтік ортада дәстүрлі көзқарастардың ықпалымен бұл құқықтың шектелу жағдайлары кездеседі.

Некеге мәжбүрлеу, әдетте, психологиялық қысым көрсету, әлеуметтік немесе отбасылық ықпал ету, қорқыту, ал кейбір жағдайларда күш қолдану арқылы жүзеге асырылады. Аталған мән-жайлар құқық бұзушылықтың латентті сипатын қалыптастырып, оны анықтауды қиындатады.

Қазіргі таңда некеге тұруға мәжбүрлеу фактілері Қазақстан қоғамында жаппай сипат алды деп айту қиын. Дегенмен, ондай жағдайлардың әлі де кездесетіні және олардың қоғамдық резонанс тудыруы аталған мәселенің өзектілігін айқындайды. Әсіресе, соңғы жылдары әлеуметтік желілерде таралып жатқан оқиғалар бұл құқық бұзушылықтың белгілі бір деңгейде жария сипат алып отырғанын көрсетеді.

Қазіргі құқықтық әдебиеттерде некеге тұруға мәжбүрлеудің нақты әрі бірыңғай анықтамасы қалыптаспаған. Осыған байланысты аталған ұғымды теориялық тұрғыдан нақтылау қажеттілігі туындайды. Мәселен, И.М. Шапаваловтың ғылыми еңбегінде мәжбүрлі неке тұлғаның некеге ерікті түрде келісім беру жөніндегі азаматтық құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіру ретінде қарастырылады [3]. Автордың пайымдауынша, мұндай кедергі сендіру, психикалық және (немесе) физикалық қысым көрсету арқылы жүзеге асырылып, тұлғаның еркін ерік білдіруін шектейді.

Осы теориялық тұжырымдар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында өз көрінісін тапты. Атап айтқанда, 2025 жылғы шілде айында Қылмыстық кодекске (бұдан әрі – ҚК) өзгерістер енгізіліп, некеге тұруға мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін жаңа құқықтық норма енгізілді. Бұл норма адамның жеке еркіндігіне және қадір-қасиетіне қол сұғатын әрекеттердің алдын алуға және оларға нақты құқықтық тосқауыл қоюға бағытталған.

Аталған құқықтық нормаға сәйкес, адамды күш қолдану, мүлікті жою немесе бүлдіру қатерін төндіру, сондай-ақ бопсалау арқылы некеге тұруға мәжбүрлеу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылады. Бұл ретте бопсалау жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді тарату қаупі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осылайша, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында некеге тұруға мәжбүрлеу ұғымы, оның ішінде тәжірибеде кең таралған «қыз алып қашу» әрекеттері, тұлғаның еркін ерік білдіруін шектейтін құқыққа қарсы мінез-құлық нысаны ретінде қарастырылып, дербес қылмыс құрамы ретінде құқықтық бағасын алды.

Қылмыстық заңнамада осындай әрекеттер үшін әртүрлі жаза түрлері көзделген. Атап айтқанда, айыппұл салу, түзеу жұмыстары, сондай-ақ бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар қарастырылған.

Аталған норманың диспозициясына тоқталатын болсақ, адамды күш қолдану не мүлікті жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты бопсалау жолымен, оның ішінде жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы немесе таратылуы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау немесе тарату қатерін төндіріп некеге тұруға мәжбүрлеу әрекеті үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Яғни осындай әрекеттер жасағаны үшін:

- екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға;
- не сол мөлшерде түзеу жұмыстары;
- екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер бұл әрекет күш қолданып, көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты, жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып, адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, өз қызмет бабын пайдаланып жасалған болса, бұл жағдайда жаза түрі қатаңдатылып, заңда көзделген тәртіппен неғұрлым ауыр жауаптылық қолданылады.

Атап айтқанда:

- бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына;
- не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға;

- не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен бірге, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда ауыр зардаптарға алып келсе, мысалы адам өлімі орын алған жағдайда бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес ҚК-нің 125-1-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар саны әзірге көп емес. Мәселен, бастапқы кезеңде 2025 жылы 5 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, оның ішінде 3 дерек Маңғыстау облысында, ал Қарағанды және Жамбыл облыстарында бір-бірден тіркелген.

Алайда 2026 жылғы 3 айдағы деректер бұл санаттағы құқық бұзушылықтардың өсу үрдісін көрсетуі мүмкін. Атап айтқанда, а.ж. 3 айда 20 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, олардың басым бөлігі Шымкент қаласы мен Түркістан облысының аумағында орын алған. Оның ішінде сотқа 6 құқық бұзушылық бойынша істер сотқа жолданды [4].

Осылайша, келтірілген статистикалық мәліметтер некеге тұруға мәжбүрлеу фактілерінің нақты ауқымын толық көрсетпеуі мүмкін, себебі осындай құқық бұзушылықтар көбінесе латентті сипатқа ие. Бұл өз кезегінде аталған мәселені терең ғылыми зерттеудің және құқық қолдану тәжірибесін жетілдірудің қажеттілігін негіздейді.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қыз алып қашу құбылысының себептері кешенді түрде қарастырылады. Мысалы, М. Махмудов, А.М. Королева және Д.М. Махмудованың пайымдауынша, мұндай әрекеттердің негізгі себептері ретінде қалыңдықпен келісімге келу үшін уақыттың немесе ниеттің болмауы, үйлену рәсімін өткізуге және қалыңмал төлеуге қаржылық мүмкіндіктің жеткіліксіздігі, сондай-ақ қалыңдықтың туыстары тарапынан некеге келісім алу мүмкіндігінің болмауы көрсетіледі [5].

Өз кезегінде, біздің ойымызша, қыз алып қашу және некеге тұруға мәжбүрлеу құбылысы патриархалдық әлеуметтік нормалардың сақталуы, гендерлік теңсіздік, құқықтық сауаттылықтың төмендігі, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, дәстүрді бұрмалап түсіну, сондай-ақ жәбірленушінің материалдық және әлеуметтік тәуелділігі сияқты өзара байланысты факторлардың жиынтығымен түсіндіріледі.

ТМД мемлекеттеріндегі некеге тұруға мәжбүрлеуді құқықтық реттеу тәжірибесі және салыстырмалы-құқықтық талдау

Қазіргі заманғы халықаралық құқық жүйесінде некеге тұруға мәжбүрлеу тұлғаның автономиясына, жеке еркіндігіне және қадір-қасиетіне қол сұғатын құқыққа қайшы құбылыс ретінде қарастырылып, адам құқықтарын қорғаудың әмбебап стандарттары аясында бағаланады. Бұл мәселе халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарымен тығыз байланысты және мемлекеттердің позитивтік міндеттерінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Атап айтқанда, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жоюға бағытталған негізгі халықаралық-құқықтық акт, ол Әйелдерге қатысты

кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция. Оған сәйкес некеге тұру тек тараптардың еркін және толық келісімі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін бекітеді [6]. Бұл ереже тұлғаның еркін ерік білдіру қағидатын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық кепілі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау тұрғысынан Бала құқықтары туралы конвенция ерекше маңызға ие, онда баланың мүдделерінің басымдығы және оның еркін дамуына кепілдік беретін құқықтық тетіктер бекітілген [7]. Аталған конвенциялар жиынтығы мәжбүрлі неке институтын адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына қайшы келетін әлеуметтік-құқықтық феномен ретінде тануға негіз қалайды.

Халықаралық ұйымдардың аналитикалық баяндамаларында да мәжбүрлі неке гендерлік теңсіздік, әлеуметтік қысым және дәстүрлі патриархалдық қатынастардың көрінісі ретінде сипатталады. Бұл ретте мемлекеттердің міндеті – осындай әрекеттерді тек формалды түрде тыйым салумен шектелмей, тиімді қылмыстық-құқықтық және институционалдық механизмдер арқылы алдын алу болып табылады.

Осы халықаралық стандарттардың ықпалымен ұлттық құқықтық жүйелерде некеге тұруға мәжбүрлеу әрекеттерін криминализациялау үдерісі қалыптасуда. Алайда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің тәжірибесі бұл бағытта құқықтық реттеудің біркелкі еместігін көрсетеді.

Қырғыз Республикасында некеге тұру мақсатында адамды ұрлау дербес қылмыс құрамы ретінде белгіленген (ҚР ҚК 175-бабы) [8]. Бұл норма дәстүрлі «ала қачуу» практикасын құқықтық тұрғыдан шектеуге бағытталған. Ғылыми зерттеулерде аталған құбылыс құқықтық плюрализм жағдайында дәстүр мен құқықтың қайшылығы ретінде қарастырылып, оның әйелдердің құқықтық мәртебесіне теріс әсері дәлелденген. Сонымен қатар, халықаралық құқық қорғау ұйымдарының деректеріне сәйкес, бұл практика белгілі бір деңгейде сақталып отыр, бұл құқықтық тетіктердің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Өзбекстан және Тәжікстан республикаларында да некеге тұруға мәжбүрлеу арнайы қылмыс құрамы ретінде толыққанды бекітілмеген [9-10]. Бұл елдерде мұндай әрекеттер көбінесе қорқыту, мәжбүрлеу немесе адам ұрлау нормалары арқылы сараланады. Ғылыми әдебиеттерде бұл мемлекеттерде ерте және мәжбүрлі некелердің сақталуы әлеуметтік-мәдени факторлармен және құқықтық реттеудің жеткіліксіздігімен түсіндірілетіні көрсетіледі.

Осы тұрғыда Ресей Федерациясының қылмыстық-құқықтық реттеу тәжірибесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Ресей Федерациясында некеге тұруға мәжбүрлеу дербес қылмыс ретінде қарастырылмайды. Осындай әрекеттер қылмыстық-құқықтық бағалауда адам ұрлау (РФ ҚК-нің 126-бабы) немесе заңсыз бас бостандығынан айыру (127-бабы) құрамдары арқылы сараланады. Қылмыстық-құқықтық доктринада осындай тәсілдің кемшілігі ретінде қылмыстың нақты объектісін (жеке еркіндік немесе отбасы қатынастары) анықтаудың күрделілігі және кінәлі тұлғаның ниетін дәлелдеудегі қиындықтар атап өтіледі.

Осыған байланысты бірқатар ресейлік зерттеушілер, соның ішінде К.И. Клименко, мұндай жағдайларда арнайы қылмыстық-құқықтық норманы енгізу қажеттілігін негіздейді. Автордың пікірінше, некеге мәжбүрлеу мақсатында жасалатын ұрлау әрекеттері жалпы адам ұрлау құрамымен толық қамтылмайды, себебі бұл жерде қылмыстың әлеуметтік-құқықтық бағыты өзгеше сипатқа ие [11]. Сондықтан арнайы құрам енгізу қылмыстық-құқықтық саралаудың нақтылығын арттырып, құқық қолдану тәжірибесіндегі бірізділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

Жалпы алғанда, ТМД мемлекеттеріндегі құқықтық реттеу тәжірибесі некеге тұруға мәжбүрлеу институтының фрагментарлы сипатта екенін және оның толыққанды криминализацияланбағанын айғақтайды. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде біркелкіліктің болмауына, қылмыстық-құқықтық саралаудың тұрақсыздығына, сондай-ақ жәбірленушілердің құқықтарын қорғау деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасында некеге тұруға мәжбүрлеуді дербес қылмыс құрам ретінде заңнамалық деңгейде бекіту халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және құқықтық саясаттың прогрессивті бағытын айқындайтын маңызды қадам болып табылады. Бұл норма тұлғаның жеке автономиясын қорғауға бағытталған заманауи құқықтық тетіктерді қалыптастырып, қылмыстық-құқықтық қорғаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, аталған норманың құқық қолдану практикасы әлі де қалыптасу кезеңінде болғандықтан, ТМД елдерінің салыстырмалы тәжірибесін зерделеу ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды. Бұл қылмыстық заңнаманы жетілдіру, құқық қолдану біркелкілігін қамтамасыз ету және адамның негізгі құқықтарын қорғау механизмдерін күшейту үшін негіз болады.

Некеге тұруға мәжбүрлеу қылмысы бойынша со практикасын талдау және құқық қолдану мәселелері және оны жетілдіру бағыттары

2026 жылдың алғашқы 3 айындағы сот практикасын талдау нәтижесінде ҚК-нің 125-1-бабы, яғни некеге тұруға мәжбүрлеуге қатысты барлығы 4 қылмыстық іс қаралғаны анықталды. Оның ішінде 7 сотталушыға қатысты сот үкімдері шығарылып, кінәлі тұлғаларға қатысты қылмыстық жаза тағайындалған, ал 1 іс бойынша татуласуға байланысты қылмыстық іс жүргізу тоқтатылған. Аталған істердің ішінде 3 сотталушыға қатысты үкімдер заңды күшіне енген, ал 4 сотталушыға қатысты үкімдер заңды күшіне енбеген.

Бұл деректер аталған қылмыс құрамының құқық қолдану тәжірибесінде енді қалыптасу сатысында екенін және сот практикасының бірізділігінің толық орнықпағанын көрсетеді.

Сот тәжірибесінде қаралған қылмыстық істерге жасалған талдау көрсеткендей, аталған құқық бұзушылық әртүрлі жағдайларда көрініс табады.

Мәселен, сот үкімімен сотталушы Н. кінәлі деп танылып, оған 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Сот актісіне сәйкес сотталушы жәбірленушімен WhatsApp мессенджері арқылы танысып, кейін кездесіп жүрген. Ол жәбірленушіге некеге тұруға ниеті жоқ екенін білдіріп, қарым-қатынасты тоқтатқан. Осыдан кейін сотталушы жәбірленушіні күш қолдану арқылы автокөлікке отырғызуға әрекет еткен. Сот жинақталған дәлелдемелерді бағалай отырып, сотталушы ҚК-нің 125-1 бабы 2-бөлігі 1-тармағымен кінәлі деп таныған (сот үкімі күшіне енген).

Басқа бір іс бойынша бірнеше тұлғаның алдын ала сөз байласу арқылы жәбірленушіні күш қолдану және психологиялық қысым көрсету жолымен некеге тұруға мәжбүрлеу әрекеттері анықталған. Жаза тағайындау барысында сот қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесін, сотталушылардың жеке басын, олардың бұрын сотталмағанын, кінәларын толық мойындап, шын жүректен өкінгенін, сондай-ақ жәбірленушінің бас бостандығынан айыру жазасын қолданбау туралы пікірін ескерген.

Осы мән-жайларға сәйкес сот жазаны жеңілдететін мән-жайларды танып, ауырлататын мән-жайлардың жоқ екенін көрсеткен. Нәтижесінде сот үкімімен сотталушылар ҚК-нің 125-1-бабы 2-бөлігі 1,4-тармақтарымен кінәлі деп танып, оларға 3 жыл бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалған (сот үкімі күшіне енген).

Тағы бір жағдайда бірнеше адамның алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен әрекет етуі анықталып, жәбірленушіні күш қолдану арқылы некеге тұруға мәжбүрлеу фактісі бойынша сотталушылар кінәлі деп танылған. Бұл іс бойынша сот бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, сотталушылар 3 жыл мерзімге сотталған (сот үкімі күшіне енген).

Бұл ретте қылмыстың алдын ала сөз байласу арқылы топпен жасалуы оның қоғамдық қауіптілігін арттыратыны байқалады.

Сонымен қатар, бір іс бойынша ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес тараптардың медиация тәртібімен татуласуына және жәбірленушіге келтірілген моральдық зиянның қалпына келтірілуіне байланысты сотталушы қылмыстық жауаптылықтан босатылып, оған қатысты қылмыстық іс жүргізу тоқтатылған.

Жалпы алғанда, жүргізілген талдау көрсеткендей, аталған санаттағы істердің саны шектеулі және сот практикасы қалыптасу кезеңінде. Істердің бір бөлігінде бас бостандығын шектеу, басқа жағдайларда бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, сондай-ақ татуласуға байланысты іс жүргізуді тоқтату жағдайлары кездеседі.

Бұл құқық қолдану тәжірибесінде бірізділіктің толық қалыптаспағанын және соттардың жаза тағайындауда әртүрлі тәсілдерді қолданатынын көрсетеді. Осындай біркелкі еместік жаңа қылмыстық-құқықтық норманың енгізілуімен және оның құқық қолдану тәжірибесінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауымен түсіндіріледі.

Некеге тұруға мәжбүрлеу құрамын қолдану барысында бірқатар құқықтық және практикалық мәселелер туындайды.

Біріншіден, мәжбүрлеу фактісін дәлелдеу күрделі процесс болып табылады, өйткені мұндай әрекеттер көбінесе жасырын түрде, куәлардың

қатысуынсыз немесе жанама психологиялық қысым көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Екіншіден, жәбірленуші мен кінәлі тұлға арасындағы туыстық немесе әлеуметтік байланыстар істі қарау барысында қосымша қиындықтар туғызады.

Үшіншіден, жәбірленушінің кейіннен татуласуы қылмыстық жауаптылықтың мақсаттарына мен қағидаттарына қатысты ғылыми және құқықтық пікірталастарды туындатады.

Төртіншіден, сот тәжірибесінде жаза тағайындау мәселесінде бірыңғай критерийлердің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы байқалады.

Кейбір жағдайларда некеге мәжбүрлеу әрекеттері дәстүрлі көзқарастармен ақталып, бұл құқықтық жауаптылықтың төмендеуіне ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, медиация тәртібімен татуласу әрдайым жәбірленушінің еркін білдіруінің шынайылығын толық көрсете бермейді. Сондай-ақ қылмыстың жасырын сипаты нақты статистикалық деректердің қалыптасуына да кедергі келтіреді.

Қорытынды

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген санаттары бойынша құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру мақсатында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қабылданатыны белгілі.

Қазіргі уақытта жаза тағайындау мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік қаулыларда адам ұрлау және адам саудасына қатысты қылмыстар жөнінде түсіндірмелер қамтылған. Алайда некеге тұруға мәжбүрлеу қылмысы дербес құрам ретінде жаңадан енгізілгендіктен, оның құқықтық табиғаты мен ерекшеліктері аталған қаулыларда толық ашылмаған.

Осыған байланысты құқық қолдану практикасын біріздендіру мақсатында аталған санаттағы қылмыстар бойынша Жоғарғы Соттың арнайы нормативтік қаулысын қабылдау қажеттілігі туындайды.

Бұл, өз кезегінде, қылмыстық заңнаманы дұрыс қолдануға, ұқсас құрамдардан ажыратуға және әділ жаза тағайындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде некеге тұруға мәжбүрлеу институтының қылмыстық-құқықтық деңгейде енгізілуі жеке тұлғаның еркіндігін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық қадам екені анықталды. Бұл норма еркін таңдау құқығын қамтамасыз етуге, отбасылық қатынастардағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға және әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған.

Осыған байланысты келесідей ұсыныстар беріледі:

- некеге тұруға мәжбүрлеу істері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысын қабылдау, сондай-ақ сот практикасына жалпылау жүргізу;
- мәжбүрлеу фактілерін дәлелдеуге қатысты әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және құқық қорғау органдары үшін нақты алгоритмдер бекіту;
- жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға психологиялық әрі құқықтық қолдау көрсету жүйесін дамыту;

- ақпараттық кеңістікте құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту арқылы қоғамда некеге мәжбүрлеудің құқық бұзушылық екені туралы құқықтық сананы қалыптастыру.

Жалпы алғанда, некеге тұруға мәжбүрлеу институты қазіргі құқықтық жүйеде тұлғаның еркіндігін қорғаудың маңызды құралы болып табылады. Алайда сот практикасының талдауы көрсеткендей, аталған норманы тиімді қолдану үшін құқықтық және институционалдық деңгейде қосымша жетілдіру шаралары қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған // http://10.61.42.188/rus/docs/K950001000_ (жүгінген күні 09.04.2026).
2. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы сөз. Ақорда ресми сайты // <https://share.google/Sd1lcn9RKg2p59qHv>.
3. Шаповалов И. М. Историко-правовой анализ принуждения к вступлению в брак // Правопорядок: история, теория, практика. 2023. №3. С. 168–173. DOI: 10.47475/2311-696X-2023-38-3-168-173. С 168-169.
4. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>. (жүгінген күні 07.04.2026).
5. Махмудова М.М., Королева А.М., Махмудова Д.М. Похищение невесты-обычай или вызов времени? //Женщина в российском обществе. 2019. №1 С 124-128.
6. Қазақстан Республикасының Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 248 Заңы// http://10.61.42.188/kaz/docs/Z980000248_ (жүгінген күні 07.04.2026).
7. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.// http://10.61.42.188/kaz/docs/B940001400_ (жүгінген күні 07.04.2026).
8. Қырғыз Республикасы Қылмыстық кодексі, 2017 жылғы 2 ақпандағы №19 // <https://share.google/6NjR0llp5eKQa5Ijn> (жүгінген күні 08.04.2026)..
9. Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1994 жылғы 22 қыркүйек №2012-ХІІ // <https://share.google/GSnTOYTSdO7M8DcfY> (жүгінген күні 08.04.2026).
10. Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1998 жылғы 21 мамыр №574// <https://share.google/srY0u4M2QfOQyknIe> (жүгінген күні 08.04.2026)..
11. Клименко К.И. Сравнительно-правовая характеристика законодательного регулирования обычая похищения невесты в России и иностранных государствах // «Novelty. Experiment. Traditions». 2022. Volume 8. Issue 4 (20). С 51-54.
12. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ// <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні 08.04.2026).
13. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VІІІ ҚРЗ // <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z2500000210> (жүгінген күні 08.04.2026).
14. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV кодексі // <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1100000518> (жүгінген күні 08.04.2026).
15. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (ІІІ) қабылданған // <http://10.61.42.188/kaz/docs/O4800000001> (жүгінген күні 07.04.2026).